

### Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.02.2023 жылғы №49 Қаулысының негізінде офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін әскери қызметке жарамды және әскери қызметті өткермеген запастағы офицерлер, заңнамада белгіленген тәртіппен 2022 жылы 24 айға офицерлік лауазымдарға әскери қызметке шақырылады. Объектілік әуе қорғанысы, Медициналық мамандықтар, Мотоатқыштар, Байланыспен қамтамасыз ету, Жалпы әскерлерді барлау, Артиллериялық және Авиациялық-техникалық мамандықтарға ерекше көңіл бөлінуде. Заңнамаға сәйкес әскери қызметшілерге ақпалай үлеспен, тұрғын үйді жалдауға төлемдермен, медициналық көмекпен, балаларын мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерге орналастыру тағы басқа да әлеуметтік кепілдемелер мен жеңілдіктер қарастырылған. Ұйғыр ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде 29 жасқа дейінгі запастағы офицерлерді, сондай-ақ медициналық қызмет офицерлері үшін 32 жасқа дейін әскери қызметке шақыру үшін зерделәу және іріктеу жұмыстары жүргізілуде. Әскери қызметші болуға ниет білдірген запастағы офицерлер аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жолығуларын сұраймыз. Байланыс телефондары 8/72778/2-14-49, 8/72778/ 2-21-49 нөмірлеріне хабарласуларыңызға болады.

**Ж.УСЕРБАЕВА,**  
аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкері

**Арамсою – біржылдық, өсімдікке бұйраланып жабысып өсетін паразит. Ол сары немесе қызғыш түсте, ұзын жіп тәрізді болып келеді. Жуан жіңішкелігіне қарай арамсою екіге бөлінеді: жіңішке сабақтасы шөптесін өсімдіктерге жау болса, жуан сабақтасы ағаштар мен бұталарға жабысып өседі. Арамсою шілде мен тамыз айында гүлдейді. Тұқымдардың қарқынды өнуі топырақ ылғалдылығы мен температурасына және тұқымдардың пісіп жетілу дәрежесіне байланысты. Жартылай піскен және көк тұқымдар толық піспегендерге қарағанда жылдам өнеді. Соңғылары топырақ ішінде ұзақ мерзім (8-10жыл), малдардың ас қорыту жүйесінен өткенде өнгіштігін сақтайды. Ұсақ тұқымды арамсою 4 см дейінгі тереңдікте өнеді.**

## КАРАНТИНДІК АРАМСОЮДЫҢ ЗИЯНЫ

Зияны көп арамсою жоғарыда айтып өткендей өте жылдам көбейеді, өміршен және ол өсімдіктің бойындағы бар кәжеттіні сорып алады. Арамсою тек өсімдіктер үшін ғана емес, жануарлар үшін де қауіпті. Себебі оның бойында улы алкалоид бар. Күрғақ арамсоюды шөппен бірге жеген жануарлар тез уланады. Негізі шырмауықтан құтылу өте қиын. Егер ол бау-бақшада пайда болса, онда уақытында күрескен жөн. Арамсоюды жоюдың бірнеше тиімді тәсілдері бар.

Агротехникалық тәсіл оның әлсіз тұсы. Мұның осы осал тұсын пайдалану үшін оны уақытында байқап қалу керек. Сондай-ақ арамсоюдан құтылу үшін тиімді тәсілі топырақты аудару, тырмалау. Яғни арамсоюдан тамыры болмағандықтан ол тек топырақтың бетінде ғана өсе алады. Тағы бір тиімді тәсілі жиі суғару. Тек бұл әдісті ерте көктемде әлі көкөністерді екпей тұрып немесе қара күзде көкөністерді жинап теріп болған соң жасау керек. Жиі суғарылған арамсою тез өседі. Сондықтан оларды жинап өртен

жіберуге қолайлы немесе оралатын өсімдік болмаған соң өзімен-өзі өсіп, бір жарым апта ішінде жоюлы кетеді. Арамсоюды химиялық жолмен жою өте оңай. Бірақ химиялық препараттардың көпшілігі арамсоюмен қатар өсімдіктерді де жоюып жібереді. Дегенмен химиялық құралдарын ішінде арамсоюды жоюып, өсімдіктердің барлығына бірдей зияны тие қоймайтын түрлері де бар. Олар: «Реймар», «Гезагард», «Тумус», «Тарга супер». Бұл препараттар қолданғаннан кейін 2 сағат ішінде есер ете бастайды. Ал арамсоюдан толық жоюылуы үшін 2 апта уақыт қажет.

**ОРМАНДЫ ӨРТТЕН НЕГІЗДІ САҚТАЙЫҚ**

Табиғи өрттерді болдырмау үшін Төтенше жағдайлар бөлімі табиғатта жасауға болмайтын қарапайым іс-әрекеттерді еске салады:

- жанып жатқан сіріңкені, темекі қалдығын, түтікше күлді лақтыруға болмайды;
- жанар-жағар май сіңген материалдарды қалдыруға;
- топырақ бетінде шыны заттар мен сынықтарды қалдыруға болмайды. Оларды көміп тастау, не болмаса өзімен алып кету қажет;
- шөп күйдіруге;
- қылқан жапырақты жас шыбықтарда, кеспе ағаштарда от жағуға болмайды.

Егер мұндай от қажет болса, оттан бір метр радиуста жанатын барлық материалды алып тастап, оттан түскен ұшықандарды үздіксіз бақылап отыру керек. Өрт күшті болмауы тиіс.

- сөндірілмеген алауды қалдыруға болмайды. Алауды мұқият сумен немесе құм сеуіп өшіру қажет.

Есте сақтаңыздар! Өрт шыққан жағдайда дереу өртке қарсы қызметке «101» телефоны бойынша хабарлаңыздар.

**Т**уберкулез – жұқпалы ауру. Емі табылғанша талай адамның түбіне жеткен бұл ауру — туберкулез микобактериясы адам ағзасына түскеннен пайда болатын жұқпалы және өте қауіпті кесел. Басқа жұқпаларға қарағанда, ол созылмалы болғандықтан, сақтандыру шаралары жолға қойылмаса, жұқтырған адамдар саны біртіндеп көбейе береді.

Ауру белгілері бірден пайда болмайды: жұққаннан бастап, ауру белгілеріне дейін бірнеше ай, жылға созылуы мүмкін. Негізгі таратушы — туберкулезбен ауырған адам, оның қақырығы. Туберкулез ауа-тамшылары арқылы жұғады: қатты сөйлегенде, түшкіргенде, жөтелгенде бірнеше кішкентай бөлшектері ауаға бөлініп, ауа-шаңмен жұғады.

Туберкулез барлық адамға жұға бермейді, тек негізінен ішінде иммунитеті төмендеген, әлсіз адамдардың ауырып қалу қаупі жоғары. Туберкулез таяқшалары, өсіресе, өкпе туберкулезінің жұқпалы (ашық) түрімен ауырған адамның қақырығында көп болады. Туберкулездің жабық түрімен ауыратын науқас сөл ауырып, көңіл күйі нашарласа, ағзаның инфекцияға қарсылығы әлсіреп, ауру туберкулездің ашық түріне айналып кетуі мүмкін. Көп жағдайда туберкулезбен халық арасында әлсіз адамдар ауырады. Негізінде туберкулезбен жұмыс істемейтін, ішпідікке берілген, әлеуметтік жағдайлары төмен, бірақ жұмысқа қабілетті 18 бен 45 аралығындағы жастар ауырады.

Туберкулездің белгілері: салмақ тастау, тершеңдік, кеуде қуысындағы ауру сезімі, қан түкіру, жалпы әлсіздік және тез шаршау, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі.

Туберкулез ауруының белгілері байқалған жағдайда дереу жақын маңдағы емханаға немесе аурухана дәрігерлеріне қаралып, қақырық анализін, туберкулез таяқшаларын анықтау сараптамаларын жүргізу және өкпесіне рентген жасау қажет.

**Т**уберкулез – жазылатын дерт

Қажетті фтизиатр мамандардың кеңесін алып, диагноз дәлелденсе, қажетті схемалар бойынша емделіп, ал туберкулезге күмән болса, диспансерлік «О» топта қаралып, тексерілуден кейін, ол адамға қажетті қорытынды берілуі тиіс.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік бағдарламаны орындауда туберкулездің алдын алу, анықтау және емдеу, қажетті құралдар, дәрілік заттарды сатып алу, азаматтық және пенитенциарлы секторлар мамандарын оқыту жұмыстарын жүргізу шаралары жолға қойылған. Мемлекетімізде туберкулезге қарсы қолға алынған жұмыстар нәтижелі деуге болады. Эпидемиялық жағдай тұрақталған. Соңғы жылдары азаматтар арасында туберкулезден болатын өлім-жітім көрсеткіштері төмендеді. Туберкулезді тежеп, асқындырмай анықтау үшін оған күмән туғызған адамдарды жедел әдіспен (G-Xpert) тексеруді қамтамасыз ету, қауіп-қатер тобындағыларды флюоридан өткізу, жұқпалы науқастарды және олармен қарым-қатынаста болған балаларын толық оқшауландыру, санаториялық жағдайда ауырып жазылған науқастарды оңалту, туберкулез инфекциясының резервуарын азайту үшін созылмалы науқастарға инфекциялық бақылауды сақтап отырып, хоспис құру жұмыстарын жалғастыру керек әрі бұл жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді.

Ал сырқат адам әрқашан дәрігердің барлық ұсынысын бұлжытпай орындап, емделген жөн. Дер кезінде байқалса, туберкулезден тез айығып кетуге болады. Дәрі-дәрмектерді өз уақытында қабылдаған науқастардың айығып кету мүмкіндігі зор.

Туберкулездің емі ақысыз жүргізіледі, туберкулез — жазылатын ауру.

### МАМАН КЕҢЕСІ

Сонымен қатар «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бап, 2-тармақшасына сәйкес, карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге республикалық бюджеттен қаржы бөлінуіне байланысты жеке және заңды тұлғаларын өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатынынғын естеріңізге саламыз.

Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік кодексінің 400-бабында көзделген айыппұлдар көзделген. Өндірістік массивтеріңізге, үйлеріңізге, дүкендеріңізге, жанар-жағармай күй станцияларына, жақын аумаққа назар аударыңыз, карантиндік арамсою тұқымдарының пайда болуына жол берменіз.

**К.ИБРАИМОВ,**  
аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

## ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАТЫН ӘРІ ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ ҮЗДІК ЖООЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНГЕН БІЛІКТІ ДЕ, КӘСІПҚОЙ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА ТАНЫМАЛ БОЛҒАН ШОҚТЫҒЫ БИІК, ДАРА ТҰРАТЫН ҚАЗЫНАЛЫ БІЛІМ ОРДАСЫ, ОТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ САНАЛАТЫН ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ШЕТ ЕЛДЕРІМЕН ОРНАТЫЛҒАН ТҮРЛІ БАҒЫТТАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ПӘРМЕНДІ ДАМЫП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ШЕҢБЕРІ ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА КЕҢЕЙІП, ЖЕТІЛІП КЕЛЕДІ. ДӘЛІРЕК АЙТҚАНДА, ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ШЕТ ЕЛДЕРІМЕН БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖЫЛ САЙЫН НЫҒАЙЫП, ҚАРЫШТЫ ҚАДАММЕН ДАМЫП ЖАТҚАНДЫҒЫНА КУӘ БОЛЫП ОТЫРМЫЗ.

## Қазақстан – Жапония: білім саласындағы ынтымақтастықтың жаңа көкжиегі

Шығыстану факультеті — Қазақстанның шығыс тілдерін игерген жоғары білікті мамандар даярлайтын, қызықты әрі шығармашылық оқу-тәрбиелік үдеріс жүзеге асатын, түрлі бағыттағы құнды ғылыми зерттеулер жүргізілетін мемлекет деңгейінде мойындалған еліміздің ең ірі ориенталистика орталығы. Мұнда «шығыстану», «шетел филологиясы» (шығыс тілдері) және «аударма ісі» сияқты мамандықтар бойынша оқу жүргізіледі. Факультетте қазіргі таңда әлемде ерекше сұранысқа ие сегіз шығыс тілі: араб, парсы, қытай, корей, түрік, жапон, хинди және урду тілдері оқытылады. Соның ішінде, берілген мақалада біз отандық жапонтану ғылымының қарқынды даму жолын ерекше атап өтіп, Қазақстан мен Жапония арасындағы білім беру саласында орын алып жатқан оң өзгерістер жөнінде сөз қозғамақпыз.

Жалпы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде жапонтану бөлімінің ашығынана былай аттай отызы жыл толып отыр. Аталған уақыт ішінде университет Жапонияның бірқатар ЖОО-ларымен және ғылыми орталықтарымен тығыз қарым-қатынас орнатты. Оған дәлел ретінде, 2007 жылы ҚазҰУ мен Жапонияның ірі де үздік жоғары оқу орындары — Цукуба, Васеда университеттері арасында білім және ағартушылық саласында екі жақты келісімшарттар жасалғанын атап айтуға болады. Нәтижесінде қос елдің студенттері, оқытушылары мен зерттеушілері үшін түрлі шөкіртқақылар, бірлескен ғылыми зерттеулер, академиялық алмасулар,

қысқы мектеп бағдарламалары және тілдік тағылымдамалардан өтуге зор мүмкіндіктер пайда болды.

Бұдан кейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да академиялық ұтқырлық бағдарламасының енгізілуімен шығыстану факультетінде Жапонияның басқа университеттерімен келісімшарттар жасалуының негізінде жергілікті білім алушылар күншығыс елінің үздік жоғары оқу орындарында алты немесе он екі ай көлемінде оқып келуге және сөйкесінше шетелдік студенттердің Қазақстанда қысқы мектеп шеңберінде білім алуларына мүмкіндік туыды.

Бойынша жапондық студенттері үшін шығыстану факультеті, Қыыр Шығыс кафедрасының арнайы қысқы мектебі ұйымдастырды. Осылайша, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2023 жылдың 6 ақпаны мен 24 наурыз арасында Қазақ ұлттық университетінің серіктес жоғары оқу орындары, әрі Жапонияның танымал, әрі алдыңғы қатарлы білім ордалары болып табылатын Токио шет тілдері университеті, София университеті және Кейо университетінен келген шетелдік студенттер Қыыр Шығыс кафедрасы, жапонтану бөлімінің оқытушылары ұйымдастырған қысқы мектепте оқып, тәжірибе алмасуда. Студенттер еліміздің тілі, мәдениеті, тарихы туралы дәрістер тыңдап қана қоймай, жапонтану кафедрасының студенттерімен мәдени-танымдық шаралар, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырады. Сонымен қатар, шетелдік білім алушылар


жергілікті студенттермен бірге Алматы қаласының мұражайларына, театрларына және түрлі демалыс орындарына экскурсияға барады.

Университетте жүзеге асырылатын академиялық алмасу бағдарламаларының басты мақсаты — жас буын өкілдерінің екі мемлекеттің тарихы, ұлттық мәдениеті, тілі, салт-дәстүрлері жөніндегі білімін арттыру, сондай-ақ, қос ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту. Жыл сайын осындай серіктестіктің арқасында қысқа жастары күншығыс елінің тілі мен ұлттық болмысымен етене танысып, ал жапон студенттері туған жеріміз туралы өз білімдерін шыңдап, мемлекетіміз жөнінде мол құнды ақпарат алады. Сондай-ақ, шет елдерімен бірлескен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы республикамыздың халықаралық аренадағы беделі мен танымалдығы артады. Сайып келгенде, Жапония мен Қазақстан арасындағы білім және ғылым саласындағы серіктестік пен ынтымақтастықтың отанымыздың өсіп-өркендеуіне өздерінің сүбелі үлестерін қосатын, әлем жөнінде заманауи ақпараттардан хабары бар білімді де білікті мамандар даярлауда маңызы зор екендігін сенімдіміз.

Амина НҮРГАЛИ,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
шығыстану факультетінің студенті  
Шынар САУДАНБЕКОВА,  
Гүлмира ТАЗАБЕКОВА,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
шығыстану факультетінің аға оқытушылары

## ЕСКЕ АЛУ

Қырғызсай ауылының тұрғыны Манасбаев Азамат Сатылханұлының өмірден өткеніне 29 наурыз күні 10 жыл толады. Аман жоқ, нағыз жігіт болған шағында, қамал бұзар жасында бақи дүниеге аттанып кете барды. Алпадан келген нәрсеге пендесінің қолынан келетін шарасы жоқ. Жүрегіміз тілімденіп, қабырғамыз сөгіліп, өкпеміз өшсе де тірі адам тіршілігін істейді екен. Дұға бағыштап, артының қайырын сұрап күнімізді өткеріп келеміз. Бірақ оған деген сағынышымыз жыл өткен сайын ұлғаймаса азаймады. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» деген тәмсілдің де шындығына көз жеткізіп келеміз. Сағынамыз, Азаматымыздың азаматтығын айтып, аққөңіл, ақжарқын мінезін есімізге түсіріп, көзімізге келген жасты ірке алмай, өксіміз. Сонан соң сабырға келеміз. «Орнында бар оңалар» деп бабалар бекер айтпаған шығар. Артында қалған қос құлының амандығын тілейміз. Алматымыз 15-ке, Алдиярымыз 10-ға толды. Шүкір дейміз. Азаматымыз әкесі екеуі жаннаттың бағында бір-біріне демеу болып жүрген шығар деп қиялдап, өзімізді-өзіміз жұбатып қоямыз. Жатқан жерінің жаннат, топырағының торқа болуын сұраймыз. Жаратушыдан. Мінгені пырақ, ұстағаны шырақ болсын, шырағымының. Нұры пейіште шалқысын.



Кенеттен кеттің, сартап болып санамыз,  
Ойласақ іштей қайғыдан күйіп-жанамыз.  
Өткенді ойлап, келешектен үміт қып,  
Аңсауменен өзінді ағарттың шашын анаңыз.  
10 жыл өтті, бейнеңді қарғам, сағындық,  
Алпадан сұрап қайырын, жақсылығына жалындық.  
Алдың бейіш, артың нұр, шапағатың тисін деп,  
Дұға қылып өзіңе, тағдырға біз де бағындық.  
Еске алушылар: Анасы – Шолпан, бауырлары Айдос-Ақмарал, Айсұлу-Дәулет, Еркебұлан-Ұлжағас, Айдана-Айдын, жан жары Кәмшат, ұлдары Алпат, Алдияр және туыстары.  
ҚЫРҒЫЗСАЙ

### ТҮЗЕТУ

Газетіміздің 3 наурыз 2023 жылғы №10 (524) санында Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихат депутаттығына №11 сайлау округі бойынша «АQJOL» демократиялық партиясынан үміткер Оңғаров Болат Кенесұлы деген мәтіндегі 11 нөмірі №10 болып оқылсын.